

# «ҰЛТЫМ» деп өткен қайраткер

## ЖАНАЙДАР СӘДУАҚАСОВ



Жанайдар Сәдуақасов өзінің қысқа да мағыналы өмірінде республиканың әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуына айрықша үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Кәсіби қызметтік өсудің барлық сатысынан өтіп, мемлекеттік аппараттың ең биік шыңына көтерілген Ж.Сәдуақасов мәдениет пен өнердің, ұлттық баспасөзді дамыту, білім беру орындарын ашу, заңдылықты сақтау және нығайту секілді маңызды істерді жүзеге асыруға аянбай атсалысты. Жанайдардың текті ата-анасының тәрбиесі мен өскен ортасы оның пайым-парасаты жоғары, әрқашан халқына қамқор үлкен жүректі азамат болып қалыптасуына ықпал етті. Бойдағы қайсарлық, табандылық және адалдық секілді азаматтық қасиеттері айқын көрінеді. Өмірінің соңына дейін партия саясатын шынайы қолдаған қалтықсыз жүзеге асырған Жанайдар Сәдуақасовтың қоғамдық-саяси қызметі Қазақстан тарихынан лайықты бағасын алуы тиіс. Оның өмір жолынан жан-дүниесі мен дүниетанымы жоғары күрескер қайраткердің бейнесін көруге болады. Сондықтан, Ж.Сәдуақасовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеу барысында ол өмір сүрген кезеңінің күрделі саяси оқиғаларға

толы болғандығын ескеру қажет. Қазан төңкерісі өзге қазақ жастары секілді Ж.Сәдуақасовтың өзін-өзі тану қабілетінің өсу сәтіне сәйкес келіп, кеңес үкіметіне сенімін бекітті. Оның негізгі ұстанымы ұлтты жаңа заман талаптарына бейімдеу, оқу-білімге шақыру және социалистік даму жолына үндеуге бағытталды.

**Арайлым Берлібаева,**  
**С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі**  
**ақпараттық-библиографиялық бөлім кітапханашысы**